

Қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 22 шілдедегі N 240

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан ақауы бар инженерлік коммуникациялар мен қалалық арық жүйелерінен судың кіруін болдырмау үшін метрополитеннің жерасты қазба орындарында бекіту жұмыстарын жүргізу үшін Алматы қаласының әкіміне 40 (қырық) млн. теңге бөлінсін.

2. Алматы қаласының әкімі 1997 жылдың қорытындысы бойынша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті бөлінетін қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары